

Базарлар, автотұрақтар мен жанармай станциялары алып жатқан жерлердің жер салығының ставкалары туралы

Күшін жойған

II сайланған Алматы қалалық Мәслихатының X сессиясының 2001 жылғы 25 мамырдағы шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2001 жылғы 20 маусымда N 364 тіркелді Күші жойылды - III-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XVIII сессиясының 2005 жылғы 28 қыркүйектегі N 184 шешімімен.

"Салықтар және өзге де бюджетке міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырылулар енгізу туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 147-II Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және Алматы қаласының Әкімінің ұсынысына орай II-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ :

1. Алматы қаласындағы жерлердің мыналардың аумағы үшін алынған нысандардың базалық ставкаларын көбейтудің төмендегі көлемдері белгіленсін:

автотұрақтар

- жалдық шарттармен уақытша пайдаланылатын жерлердегі, орындары автокөлік иелеріне тұрақты бекітілген және белгіленген тариф бойынша көрсетілген қызмет үшін ай сайын төлем төленілетін;

- 2 е с е ;

- жалдық шарттармен уақытша пайдаланылатын жерлерде тәулік бойында бір орында бірнеше машина қойылатын және тәуліктік немесе сағаттық тариф, айыппұл қолданылатын, сондай ақ айыппұл - 10 есе.

базарлар

- 10001 ш.м. бастап және жоғары - 8 есе;
- 5001 ш.м. бастап 10000 ш.м. дейін - 9 есе;
- 5000 ш.м. дейін - 10 есе.

жанармай станциялары

- барлық дәрежедегі - 10 есе.

2. Автотұрақтар басшыларына Ұлы Отан соғысына қатысушыларға, I және II топтағы мүгедектерге тиесілі автокөліктерді қою үшін жер учаскелерін тегін беру ұсынылсын.

3. Алматы қаласының жер ресурстарын басқару комитет (А.Е.Сапаров), Алматы қаласы бойынша Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің салық комитетті (Б.У.Қалижанов) ақша қаражатының тиімді пайдаланылуына, дұрыс есептелінілуіне және Алматы қаласының бюджетіне өз уақытында түсуіне бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау II-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының тексеру комиссиясына (В.А.Киселев), Алматы қаласының жер ресурстарын басқару комитетіне (А.Е.Сапаров), Алматы қаласы бойынша Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің салық комитетіне (Б.У.Қалижанов) жүктелсін.

*II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының X-сессиясының
төрағасы*

*II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының хатшысы*